

2

Академияға құжат қабылдау басталды



3

Аудандағы үздік білім ошағы



Сыр бойы

№55 (21130)

16 сәуір, бейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

ӨЗАРА СЕНИМ МЕН ҚҰРМЕТКЕ НЕГІЗДЕЛГЕН БАУЫРЛАСТЫҚ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия Республикасының Вице-президенті Джевет Иылмазбен кездесті. Елімізге алғаш рет сапармен келген Джевет Иылмазға ілтипат білдіре отырып, бауырлас Түркия Қазақстанның стратегиялық серіктесі екеніне назар аударды.

Бауырластығымыз өзара сенім мен құрметке негізделген. Дипломатиялық қатынас орнаған 35 жылға жуық уақыт ішінде біз көптеген биік белесті бағындырдық. Қарым-қатынасымыз жоғары қарқынмен дамып келе жатыр. Арамызда ешқандай түйткіл жоқ. 14 мамырда Президент Режеп Тайип Ердоған елімізге мемлекеттік сапармен келеді. Сапар аясында Стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің кезекті отырысын өткіземіз. Жаңа келісімдерге қол қоямыз, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев Астанада Қазақстан Премьер-министрі және Түркия Вице-президентінің төрағалығымен өткен Үкіметаралық комиссия қорытындысы екі елдің сан қырлы әріптестігін одан әрі жандандыра түсетініне сенім білдірді.

Джевет Иылмаз қазақ елінде көрсетілген сый-құрмет үшін Мемлекет басшысына алғыс айтты. Сондай-ақ Президент Режеп Тайип Ердоғанның сәлемі мен ыстық ықыласын жеткізіп, Түркия көшбасшысы Қазақстанға мемлекеттік сапарына және Түркі мемлекеттері



ұйымының Түркістандағы бейресми саммитіне ерекше мән беріп отырғанын мәлімдеді.

– Жоғары деңгейде қол жеткізілген

уағдаластықтарды іске асыру аясында жаңа ғана Премьер-министр Олжас Бектенов мырзамен бірге Үкіметаралық сауда-экономи-

калық комиссиясының 14-отырысын өткіздік. Оның қорытындысы бойынша түрлі саладағы нақты шараларды іске асыратын бірлескен іс-қимыл жоспарына қол қойылды. Бұл құжат алдағы кезеңге арналған сауда-экономикалық ықпалдастығымыздың жол картасына айналды, – деді Түркия Вице-президенті.

Джевет Иылмаз жаңа Конституцияны қабылдау бойынша жалпыұлттық референдумның табысты өтуімен құттықтап, Қазақстанның өсіп-өркендеуіне тілектестік білдірді.

Мемлекет басшысы осы тарихи сәтте бауырлас түрік халқының қолдауын сезінгенін, Түркиядан келген байқаушылар референдумға ерекше атсалысқанын атап өтті.

Әңгімелесу барысында екі елдің сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығын нығайту перспективасы талқыланды. Соның ішінде өңдеу өнеркәсібі, инфрақұрылым, энергетика, логистика, агро-өнеркәсіп кешені, білім және туризм салаларында бірлескен жобаларды жүзеге асыру мүмкіндіктері қарастырылды.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев пен Джевет Иылмаз халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер, Таяу Шығыстағы күрделі ахуал жөнінде пікір алмасты. Мемлекет басшысы Түркияның аймақтағы тұрақтылықты қамтамасыз етудегі рөлін жоғары бағалап, алдағы Анталья дипломатиялық форумына қатысатынын растады.

/// ЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ҚАЗАҚСТАН ПАСПОРТЫНЫҢ РЕЙТИНГІ ЖОҒАРЫЛАДЫ

Қазақстан паспорты Henley Passport Index жаһандық рейтингінде өз позициясын жақсартты. 2026 жылғы жаңартылған дерек бойынша Қазақстан 57-орынға көтерілді, – деп хабарлайды Aikyn.kz.



Henley & Partners индексіне сәйкес, қазақстандық паспорт соңғы жылдары тұрақты түрде жоғарылап келеді. Енді қазақстандықтар 78 елге визасыз бара алады. Мысалы, 2023 жылы Қазақстан 70-орында болса, 2024 жылы 66-орынға, 2025 жылы 61-орынға көтерілген. Ал 2026 жылы 57-сатыға дейін жетті. Осылайша 2,5 жыл ішінде ел 13 орынға көтерілді. Рейтинге Қазақстан Боливия мен Беларусьтен жоғары орналасқанымен, Косово мен Қытайдан кейін тұр.

ДӘРІ-ДӘРМЕК ТӨЛЕМДЕРІНЕ ЖАҢА ТАЛАП ЕНГІЗІЛЕДІ

Қазақстанда медициналық қызметтер мен дәрі-дәрмек сатып алу чектерінде пациенттің ЖСН-ін көрсету міндетті болуы мүмкін, – деп хабарлайды Egemen.kz.



Қаржы министрлігі қасалық аппараттарды қолдану тәртібіне өзгерістер енгізу жобасын әзірледі. Жаңа талапқа сәйкес, емделу қызметтері мен дәрі-дәрмекке төлем жасаған кезде чекке пациенттің жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) енгізіледі.

Бұл өзгерістің негізгі мақсаты – есеп айырысу жүйесінің ашықтығын арттыру және Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры қаражатының мақсатты әрі тиімді жұмсалып бақылауды күшейту.

Жоба қабылданған жағдайда, медициналық қызметтер мен дәрі-дәрмек саласындағы қаржылық есептілік жүйесі қатаң бақылауға алынып, шығындардың ашықтығы артады деп күтілуде.

/// КҮН ҚАБАҒЫ

САЛҚЫН ҚАЙДАН СЕЗІЛЕДІ?

Алдағы екі күндікте кей өңірлерде ауа температурасы -18°C дейін төмендеуі мүмкін. Осындай болжам көптеген «Қазгидромет» РМҚ баспасөз қызметі 16-18 сәуір аралығында Қазақстан аумағындағы ауа райына екі барикалық түзілім әсер етуді: батыстан шығысқа қарай жылжитын циклон тұрақсыз ауа райын қалыптастырып, жауын-шашын (жаңбыр, қар), кей уақыттарда қатты жауын-шашын әкеледі деп отыр.

– Кезеннің соңына қарай республиканың солтүстік, шығыс және орталық өңірлері солтүстік антициклонның ықпалына өтіп, соған байланысты ауа температурасының төмендеуі күтіледі. Қазақстан бойынша тұман түсіп, желдің күшеюі байқалады, ал солтүстік, шығыс және орталық аймақтарда көктайпақ болуы мүмкін, – деді синоптиктер.

Кезеннің басында солтүстікте түнгі ауа температурасы -1-ден -8°C дейін, (күндіз +8°C дейін) төмендейді. Кезеннің соңында шығыста түнде -2-ден -18°C дейін (күндіз 0-ден +13°C) суытуы мүмкін.

Ал елдің қалған аумағында температуралық фон айтарлықтай өзгермейді.

«СБ» ақпарат

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ҮШ АЙДЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ САРАЛАНДЫ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында 2026 жылғы қаңтар-наурыз айларындағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы мен республикалық бюджеттің атқарылу барысы қаралды.

Премьер-министр Қызылорда, Түркістан, Жамбыл, Алматы, Павлодар және Батыс Қазақстан облыстары, сондай-ақ Астана мен Алматы қалаларының барлық негізгі макро-экономикалық көрсеткіштеріндегі өсімді айрықша атап өтті.

Үкімет отырысына облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов селекторлық режим арқылы қатысты. Одан

кейін өткен мәжілісте көтерілген мәселелер жан-жақты талқыланды.

– Жауапты басқармаларға қала және аудан әкімдіктерімен бірлесіп, макро-экономикалық көрсеткіштердің өсім динамикасының тұрақты сақталуы үшін жұмысты жүйелі ұйымдастыруды тапсырамын.

2-бет

/// ИГІЛІК

ГАЗДАНДЫРУ: ҚАЗАЛЫДА ЖҰМЫС ӨНІМДІ

Кейінгі жылдары облыста газдандыру деңгейі 70-тен 83 пайызға артты. Ал жыл соңына дейін 10 елді мекенді газдандыру жоспарланған.



Бұл саладағы қарқынды жұмыс Қазалы ауданында да жүріп жатыр. Айталық, екі жыл бұрын ауданға қарасты Абай ауылына газ тартылса, былтыр ғана Ақтан батыр елді мекенінің халқы «көгілдір отын» тұтына бастады. Сондай-ақ өткен жылы Жанқожа батыр, Бекарыстан би, Майдакөл және Ү.Түктібаев ауылдарына магистральды газ желілері жүргізілген болатын. Қазір газ құбырларын тарту жұмыстары толық аяқталып, елді мекендерде орамшілік газ желілерін жүргізу басталып кетті.

Аталған ауылдарға барып, құрылыс барысын көрген аудан әкімі Алмасбек Есмаханов тұрғындарға да лебізін жеткізіп, құттықтады.

– Осы жылы аймақ басшысының қолдауымен Жанқожа батыр, Бекарыстан би, Майдакөл және Ү.Түктібаев ауылдарына орамшілік газ желілері құрылысын бастауға республикалық бюджеттен 680 млн теңге қаржы бөлінді. Жаппы жыл соңына дейін аудан бойынша елді мекендерді газбен қамту көрсеткішін 78,5 пайызға жеткізу

жоспарланып отыр. Алдағы уақытта Жанқожа батыр ауылындағы 280 тұрғын үй мен 9 әлеуметтік нысан «көгілдір отынға» қосылып, 1600-ге жуық тұрғын осындай игілікке қол жеткізеді. Ал Бекарыстан би, Майдакөл және Ү.Түктібаев ауылдарындағы 1000-ға жуық тұрғын үй мен 16 әлеуметтік нысан және 5500-ден астам тұрғын газ тұтынатын болады. Газ – бұл тек қана отын көзі емес. Бұл – тұрғындардың тұрмысын жеңілдететін, экологиялық жағдайды жақсартатын, уақытты үнемдейтін, ең бастысы, өмір сапасын арттыратын маңызды игілік. Алдағы уақытта да ауданның барлық ауылын кезең-кезеңімен газбен қамту жұмысы жалғасын табады, – деді аудан басшысы.

Айта кету керек, бұған дейін Қазалы ауданын газбен қамтуда Басықара, Қ.Пірімов, Жалаңтөс батыр ауылдары «көгілдір отынға» қосылды. Сондай-ақ аудан орталығына іргелес жатқан Қазалы қаласына да газ жүргізілген болатын.

Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»

/// ЦИФРАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖЫЛЫ

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ – ӨНІМДІЛІК КЕПІЛІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен елімізде 2026 жыл «Цифрандыру және жасанды интеллект жылы» деп жарияланды. Бұл шешім еліміздің ұзақ мерзімді даму стратегиясын жаңа технологиялар негізінде жүзеге асыру, цифрлық трансформацияны жеделдету және жасанды интеллекті (ЖИ) кең көлемде енгізу мақсатында қабылданды. Президент бұл елдің заманауи технологияларды енгізуін одан әрі күшейтетін стратегиялық шешім екендігін атап өтті. Озық технологиялар еліміздің барлық салаларындағы әлеуетті арттыруға жол ашады. Бұл бағытта Сыр өңірінде байыпты бастамалар жүзеге асып келеді.



2-бет

Валюта бағамы:

\$ 476,97 kzt

€ 562,59 kzt

₸ 6,27 kzt

Ауа райы:

Бейсенбі

☁️ +16°

☁️ +8°

Жұма

☁️ +15°

☁️ +6°

ҮШ АЙДЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ САРАЛАНДЫ

Бүгінде көктемгі дала жұмыстары қарқынды жүруде. Сондықтан қала, аудан әкімдері осы науқанда атқарылған жұмыстар есебінің статистика органдарына толығымен ұсынылуын, мәліметтердің дәлдігін қамтамасыз етуі тиіс, – деді Данияр Еренғалиұлы.

Бұдан бөлек, облыс әкімінің бірінші орынбасары ай сайынғы қаржыландырудың жиынтық жоспарын 100 пайыз игеруді тапсырды. Мамырдың 1-недейін конкурстық рәсімдерді толық аяқтап, келісімшарттарды қазынашылық органдарына мерзімінде тіркеу керектігін атап өтті.

Биыл өңірге 789,2 млрд теңге инвестиция тарту жоспарланған, өткен үш айда көрсеткіш 142,1 млрд теңге болды. Оның 106,1 млрд теңгесі – жеке инвестициялар. Жыл соңына дейін 100 млрд теңгеге 21 жоба іске қосылады.

1-бет



/// «АУЫЛ АМАНАТЫ»

СЕНІМДІ НЫҚТАҒАН БІРЕГЕЙ БАҒДАРЛАМА

Арал қаласында жергілікті кәсіпкер «Ауыл аманаты» жобасы аясында өндірісін жаңғыртып, жұмыс ауқымын кеңейтті.

Ауылдық жерлерде кәсіпкерлікті дамыту – «AMANAT» партиясының басым бағыттарының бірі. Осы мақсатта жүзеге асырылып жатқан «Ауыл аманаты» жобасы тұрғындарға өз ісін бастауға, дамытуға және табысын арттыруға нақты мүмкіндік беріп отыр.

Гүлсая Әбілдаева өткен жылы 9,8 млн теңге көлемінде жеңілдетілген несие алып, жолдасы Сәбит Атақұловпен бірге пластик өнімдерін шығаратын шағын цех жұмысын жандандырды. Бұл отбасы 10 жылдан астам уақыт кәсіпкерлікпен айналысып келеді. Дегенмен өндірістік қуатты арттырып, заманауи құрал-жабдықтарға қол жеткізу ұзақ уақыт бойы шешімін таппай келген.

«Ауыл аманаты» жобасы аясындағы 2,5 пайыздық жеңілдетілген несие олардың жоспарын жүзеге асыруға жол ашты. Кәсіп иелері тұркиялық Craft және Yilmaz маркалы заманауи құрылғылар сатып алып, өндірісті толық жаңғыртты.



Жаңа технологиялар өнім дайындау уақытын едәуір қысқартқан. Бұрын 10-15 күнге созылатын процесс бүгінде 4-5 күн ішінде аяқталады. Бұл тек уақыт үнемдеу ғана емес, өнім сапасының да айтарлықтай жақсаруынан көрсетеді.

Қазіргі таңда цех өнімдеріне сұраныс жоғары. Тапсырыс тек Арал ауданының елді мекендерінен ғана емес, басқа аудандардан және Ақтөбе өңірінен де түсіп жатыр. Өндіріс көлемі нақты тапсырысқа байланысты қалыптасады.

Кәсіпкердің айтуынша, жаңа мүмкіндіктер олардың жұмыс қарқынын түбегейлі өзгерткен.

– Бұрын көп жағдайда қол еңбегіне сүйеніп, әр тапсырысты ұзақ уақыт дайындайтын едік. Кейде бір өнімді аяқтау үшін 10-15 күн қажет болатын. Қазір заманауи құрылғылардың арқасында уақыт бірнеше есе қысқарды. Ең бастысы, сапаға деген талапты күшейтіп, тұтынушылардың сеніміне ие болдық. Сұраныстың артуы бізге үлкен жауапкершілік жүктейді. Әр тапсырысты уақытында әрі сапалы орындауға тырысамыз, – дейді Гүлсая Әбілдаева.

Бүгінде отбасылық цех екі адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Алдағы жоспар – өндіріс көлемін ұлғайтып, цехты кеңейту және жаңа жұмыс орындарын ашу.

Кәсіпкердің айтуынша, бұл жоба олардың кәсібін үлкен серпін берген.

– «Ауыл аманаты» бізге тек қаржылай қолдау емес, өзімізге деген сенімді де арттырды. Бұрын шағын деңгейде жұмыс істесек, қазір өндірісті кеңейтіп, жаңа сатыға көтерілдік. Әрбір тапсырысқа жауапкершілікпен қараймыз. Алдағы уақытта жаңа технологияларды енгізіп, өндірісті толық автоматтандыруды көздеп отырмыз, – дейді кәсіпкер.

Бұл – тек бір отбасының жетістігі емес, тұтас ауыл экономикасының дамуына қосылған үлес. Осындай нақты жобалар арқылы ауыл тұрғындарының кәсіпке деген қызығушылығы артып, еңбекке деген ынтасы күшейіп келеді.

Айта кетейік, 2023-2025 жылдары «Ауыл аманаты» жобасы аясында Арал ауданында 1 млрд 113 млн теңгенің 179 жобасы қаржылай қолдауға ие болған.

Аружан АБЫЛАЙ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда
университеті 2-курс студенті

/// БРИФИНГ

АКАДЕМИЯҒА ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ



Биылғы 1 сәуірден ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясына 2026-2027 оқу жылына құжат қабылдау басталды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында өткен баспасөз конференциясында академияның облыс бойынша филиал директоры Ақзада Мадалиева хабарлады.

Үміткерлер 1 сәуір мен 1 маусым аралығында admission.para.kz ақпараттық жүйесі арқылы тіркеліп, өтініш бере алады. Құжат қабылдау мерзімі – екі ай. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша магистратураға 200-ге жуық, докторантураға 12 грант бөлінген.

– Биыл академияда білім беру бағдарламаларының саны 14-ке дейін

артты. Жаңа «EMBA Іскерлік әкім-шілендіру» және «DDPA – Цифрлық мемлекеттік басқару» бағдарламалары енгізілді. Сонымен қатар магистратурадағы грант саны 80 орынға көбейді. Кейбір бағыттар ғылыми-педагогикалық бағдарға ауыстырылып, оқу мерзімі ұзартылды, – дейді филиал директоры.

Оның айтуынша, «Мемлекеттік

саясат» бағдарламасына түсу үшін ағылшын тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификат міндетті талап ретінде енгізілген.

Академия магистратура және докторантура деңгейінде кадр даярлайды. Магистратура бағдарламалары бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімді қамтиды. Сондай-ақ қызметпен қатар оқуға мүмкіндік беретін модульдік бағдарламалар қарастырылған.

– Қабылдау бірнеше кезеңнен тұрады. Алдымен үміткерлер аналитикалық эссе жазады. Кәсіби және жеке құзыреттерін анықтауға бағытталған сұхбаттан өтеді. Докторантураға түсушілер үшін қосымша зерттеу жұмысының жоспары бағаланады. Бұл талаптар үміткердің дайындығын және жан-жақты сараулау мүмкіндігі береді.

Құжат қабылдау 1 сәуірден 1 маусымға дейін болса, конкурстық іріктеу 5-19 маусым, алдын ала қабылдау 25 маусым, қорытынды қабылдау 10 шілде, оқу жылы 1 қыркүйекте басталады, – дейді филиалдың аға оқытушысы Гүлсара Нұрлова.

Үміткерлер барлық қажетті құжатты электронды форматта жүктеуі тиіс. Қабылдау нәтижесі конкурстық қорытындысы мен сараптамалық бағалаулар негізінде анықталады.

«СБ» ақпарат

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ – ӨНІМДІЛІК КЕПІЛІ

Облыстық қоғамдық даму басқармасы ұйымдастырған баспасөз туры бойынша БАҚ өкілдері «Акса Energy» және «Абзал және К» компанияларының жұмысымен танысты.

Өңірге тартылған ең ірі инвестиция ретінде қазір қуаттылығы 240 МВт және жылу энергиясын өндіру көлемі 277 Гкал болатын жаңа бу-газ қондырғысында (БГК) іске қосуды жоспарлау туралы мәселе қозғалып отыр. Қазір жұмыстарының белсенді кезеңі жүргізілуде. Түркиялық «Акса Energy» компаниясының тікелей жеке инвестициясы есебінен жүзеге асып жатқан жоба аймақтың электр және жылу энергиясына деген қажеттілігін толық өтеуге бағытталған.

Қызылорда БГК-сын іске асыру – Энергетика министрлігінің елімізде энергетикалық негізді жанарту бойынша ауқымды жоспарының бірі. Биыл республикада дәстүрлі және жаңартылатын энергияның рекордтық 2,64 ГВт қуатын пайдалануға беру жоспарланып отыр. Жылдық жоспарға төрт бу-газ қондырғысын, екі жел және төрт күн-электр станциясын іске қосу, сондай-ақ екі нысанның қуаттылығын кеңейту жұмыстары енгізілген.

Жаңа энергия нысандары жылына шамамен 16 млрд кВт/сағ электр энергиясын өндіреді деп күтілуде. Бұл шаралар 2027 жылдың бірінші тоқсанының соңына қарай елдегі

«Абзал және К» компаниясы толық автоматтандырылған жаңа күріш өңдеу зауытын іске қосты.

Өткен жылы аймақ басшысының бизнес өкілдерімен бірлесіп Қытайға жасаған іссапары аясында компания қытайлық серіктеспен келіссөз жүргізіп, құны 1 млрд теңгені құрайтын күріш өңдеу зауытын іске қосты. Нәтижесінде өндірістік қуаттылық 2,5 есеге ұлғайып, күрішті өңдеу барысында пайда болатын қалдық көлемі 3-4 пайызға дейін қысқарды. Зауыт сағатына 12 тонна күріш өңдейді және толық цифрлық басқару жүйесі мен қалдықсыз технологияға негізделген.

Сонымен қатар, кәсіпорын күн-электр станциясы арқылы энергиямен қамтамасыз етіліп, «Green Rice Complex» жобасын іске асыруда. Заманауи зертхана күріш сапасын 60 секунд ішінде автоматты түрде анықтап, ақаулы және сынған дөңдерді дәл айқындайды.

– Серіктестік өз өнімдерін экспортқа және еліміздің өзге өңірлеріне шығарады. Олардың тарапынан түскен сұранысқа сай жұмыс істейміз. Мәселен, тұтынушылар «Янтарь» және «Лидер» сорттарына қызығушылық танытады. Сондай-ақ біз қазір өнімдерді күнбағыс майымен өңдеуге мән беріп отырмыз. Бұл палуа тағамын дайындағанда пашыраңқы болып пісуіне септігін тигізді. Өндіріс орны заманауи талаптарға толықтай сай келеді. Мамандар автоматтандырылған жүйемен жұмыс істейді. Сондай-ақ компания жаңа сорттарды тәжірибеден өткізіп жатыр, – деді серіктестіктің сауда және логистика жөніндегі орынбасары Айгүл Қосмұратова.

Жалпы компанияның жаңа өндірістік жобасы – цифрландыру мен инновациялық технологияларды тиімді енгізудің жарқын үлгісі. Бұл өз кезегінде отандық өңдеу өнеркәсібінің бәсекеге қабілеттілігін арттырып, экспорттық әлеуетін күшейтуге оң ықпал ететіні сөзсіз.

Әділжан ҮМБЕТ,
«Сыр бойы»

/// СҰХБАТ

«НЕГІЗГІ МАҚСАТ – ХАЛЫҚТЫ САПАЛЫ ӘРІ ҮЗДІКСІЗ АУЫЗСУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ»

XXI ғасырдағы жаһандық қауіптің бірі – ауызсу тапшылығы. Ғалымдар ауызсуды мейлінше үнемдеу қажеттігін ескертіп, келешекте тұрғын су қорының күрт төмендеуі мүмкін екенін айтып, дабыл қағуда. Демек, біз күнделікті тұтынып отырған судың қадіріне жетуіміз қажет. Өйткені қазірдің өзінде әлемде 1 миллиардқа жуық адам ішіуге жарамды суға зәру.

Сәуір айының 1-нен бастап облыста ауызсу бағасына өзгеріс енді.

20 жыл бойы өзгермеген тарифті қайта қарауға қандай факторлар негіз болды? Жаңа тариф қаншаға артты? Бұл туралы біз облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Бауыржан Ізмағамбетовтен сұраған едік.

– Бауыржан Нұрланұлы, өткен жылы қабылданған жаңа Су кодексі аясында өңірлерде бірқатар өзгеріс қолға алынды. Соның ішінде ауызсу тарифіне қатысты шешім қағамда қызу талқылаулар жасады. Бұл өзгерістің негізгі себебі неде?

– Иә, бұл – өте өзекті мәселе. 2025 жылғы 9 сәуірде қабылданған жаңа Су кодексіне сәйкес жергілікті атқарушы органдарға ауызсудың бір текше метріне төлемәкі мөлшерін бекіту міндеті жүктелді. Осыған байланысты Үкіметтің өкімі және министрлік бекіткен әдістеме негізінде өңірлерде нақты есептеулер жүргізілді. Қызылорда облысы бойынша да әлеуметтік-экономикалық талдау жасалып, жаңа тариф белгілеу қажеттігі туындады.

– Әлеуметтік-экономикалық талдау қандай нәтижелер көрсетті?

– 2022-2025 жылдар аралығында халықтың табысы мен негізгі экономикалық көрсеткіштері айтарлықтай өскен. Мысалы, орташа жалақы 32, ең төменгі жалақы 30, жан басына шаққандағы табыс 24 пайызға артқан. Жалпы алғанда, негізгі көрсеткіштердің орташа өсімі шамамен 25%-ды құрап отыр. Ал ауызсу тарифі соңғы 20 жыл бойы өзгеріссіз қалғанын ескерсек, бұл теңгерімсіздік қалыптастырды.

– Жаңа тариф нақты қандай деңгейде бекітіледі?

– Жүргізілген есептеулер нәтижесінде Қызылорда облысында ауызсудың бір текше метрі үшін есептеу құралдары бар тұтынушыларға – 70 теңге, ал есептеу құралдары жоқтарға 120 теңге болып бекітілді. Бұл шешім 2026 жылғы 20 наурызда облыстық мәслихаттың №239 шешімімен ресми түрде қабылданды. Мұндай екі деңгейлі тариф тұрғындарды сүресептегіш құралдарын орнатуға ынталандырады деп күтілуде.

– Тариф республикадағы орташа көрсеткіштермен қаншалықты сәйкес келеді?

– Әдістемеге сәйкес, тариф белгілі бір шектен аспауы тиіс. Өткен жылдың 1 қаңтарындағы дерек бойынша республикада орташа тариф 109 теңге болса, облыс бойынша орташа тариф 208 теңгені құрады, яғни бекітілген төлемәкі осы аралық шекте қалып отыр. Бұл – әлеуметтік тұрғыдан оңтайлы шешім.

– Дегенмен, халық арасында тарифтің көтерілуіне алаңдаушылық бар сияқты?

– Бұл – түсінікті жағдай. Кез келген тарифтің өзгеруі тұрғындарға әсер етеді. Бірақ мұнда бір маңызды жағдай бар: су тарифі 2006 жылдан бері өзгерген жоқ. Осы уақыт ішінде электр энергиясы, жанар-жағармай, құрылыс материалдары мен қызмет көрсету шығындары бірнеше есе өсті. Соған қарамастан, тариф ұзақ уақыт әлеуметтік тұрақтылық үшін төмен деңгейде ұсталып келді.

– Бұл шешімнің басты мақсаты қандай?

– Негізгі мақсат – халықты сапалы әрі үздіксіз ауызсумен қамтамасыз ету. Су жүйелерін күтіп ұстау, жаңғырту, апаттардың алдын алу – барлығы қаржыны талап етеді. Егер тариф экономикалық тұрғыдан негізделмесе, жүйенің жұмыс істеуі қиындайды. Бүгінде жыл сайын бюджет есебінен су құбырларын жанарту жұмыстары жүргізілуде.

– Су ресурстарын үнемдеу мәселесіне тоқталсақ...

– Бұл – өте маңызды мәселе. Су – шектеулі ресурс. Өкінішке қарай, тұрғындар тарапынан ауызсуды бейберекет пайдалану фактілері әлі де кездеседі. Мысалы, ауызсумен қора суару, көлік жуу сияқты тұрмыстық мақсатта тиімсіз қолдану тоқтамай отыр. Соның салдарынан әсіресе жаз айларында су тапшылығы туындап, бұл өз кезегінде тұрғындардың орынды ренішін тудырады.

Осыған байланысты уәкілетті органдар тарапынан рейттік іс-шаралар ұйымдастырылып, тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілуде. Негізгі мақсат – суды ұқыпты пайдалану мәдениетін қалыптастыру.

– Тұрғындарға не айтар едіңіз?

– Ауызсу тарифінің өзгеруі – уақыт талабынан туындаған қажетті шешім. Оның басты мақсаты – сапалы қызмет көрсету мен инфрақұрылымның тұрақтылығын қамтамасыз ету. Сондықтан әрқайсысымыз суды үнемдеп, тиімді пайдалану мәдениетін қалыптастыруымыз қажет. Бұл – баршамызға ортақ міндет.



Сұхбаттасқан
Айсауле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

1-бет

